



ДӘЙКӨСӨЗ

Қайрат СӘУІРБАЕВ,
«ҚТЖ-ЖҮК ТАСЫМАЛЫ» ЖШС
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТІН
АТҚАРУШЫ-БАС ДИРЕКТОРЫ:

«ҚОҒАМНЫҢ
«РЕСПУБЛИКА-
ШІЛІК
ҚАТЫНАСТА ККЖ
АБЖ ТАСЫМАЛ
ҚҰЖАТТАРЫН
ҚАҒАЗСЫЗ ТЕХ-
НОЛОГИЯ БОЙЫН-
ША РӘСІМДЕУДІ
ЕНГІЗУ» ЖОБАСЫ
ҚАҒАЗСЫЗ ТЕХНО-
ЛОГИЯ АРҚЫЛЫ
РЕСПУБЛИКАШІЛІК
ҚАТЫНАСТА ТАСЫМАЛ
ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ЖАЛ-
ПЫ САНЫНДАҒЫ ТА-
СЫМАЛ ҚҰЖАТТАРЫН
ОРТАША ТӘУЛІКТІК
РӘСІМДЕУДІ ЖӘНЕ
ҚАЙТА НЕСИЕЛЕН-
ДІРУДІ 90% ЖЕТКІЗУ-
ГЕ БАҒЫТТАЛҒАН»

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

ОЦЕНКА «ХОРОШО»

В социальных сетях распространяется видео, где показаны негодные шпалы и недобитые костыли железнодорожного пути на разъезде №16 Атырауского отделения грузовых перевозок. В связи с этим пресс-служба АО «НК «ҚТЖ» сообщила, что материалы данной видеозаписи – трешетней давности.

На сегодняшний день на данном участке пути проведены все необходимые путевые планово-предупредительные работы, заменены негодные элементы верхнего строения пути в объеме, обеспечивающем безопасный и безостановочный пропуск поездов с установленными скоростями.

На 1 сентября текущего года состояние пути на участке, согласно результатам диагностического автоматизированного путеизмерительного вагона, оценивается в 40 баллов, то есть «хорошо».

Этот участок пути, согласно инструкции по текущему содержанию пути, исправен и работает в штатном режиме, движение поездов осуществляется в соответствии с графиком движения.

Кроме того, перспективным планом развития путевого хозяйства предусмотрено капитальный ремонт указанного участка пути в текущем году.

Также в этом году произведен средний ремонт пути с заменой негодных шпал в объеме 2 000 метров. Помимо этого ежедневно производятся осмотры пути и его текущего содержания силами Атырауской дистанции пути.

Аула ТЛЕУБАЕВА

ПЕРЕВОЗКИ

ПО ВОПРОСАМ ВОЗВРАТА – В WHATSAPP



АО «Пассажи́рские перево́зки» открыло номер в WhatsApp по вопросам возврата железнодорожных билетов. Новая услуга позволит оперативно обрабатывать обращения пассажиров.

Любовь РОВБА

Обратившись на WhatsApp по номеру +7 707 270 36 64, пассажиры, не получившие денежные средства за возврат билетов, могут уточнить статус возврата.

При отправке запроса необходимо указать номер проездного документа (билета) либо отправить его фото и квитанции о возврате билета при обращении в билетную кассу.

Возврат платежей производится наличным и безналичным расчетом в зависимости от спо-

соба приобретения билета. Так, при возврате билета не позднее одного часа до отправления поезда со станции отправления деньги поступят на карту плательщика в течение 5 рабочих дней. Если же билет возвращается менее чем за час до отправления поезда со станции формирования, денежные средства поступят пассажиру в течение 30 календарных дней – в претензионном порядке на основании заявления.

Национальный перевозчик напоминает, что возврат железнодорожных билетов производится согласно Правилам перевозок пассажиров, багажа, грузобагажа и почтовых отправлений железнодорожным транспортом от 30 апреля 2015 года, согласно которым, полная стоимость проезда выплачивается при возврате билетов не позднее, чем за 24 часа до отправления поезда. Стоимость билета и 50% стоимости плацкарты пассажиру выплачат в случае возврата билета менее чем за 24 часа, но не позднее 6 часов до отправления поезда. Если билет сдан менее чем за 6 часов до отправления и не более часа после отправления поезда, пассажиру выплачивается стоимость билета, при этом удерживается вся стоимость плацкарты.

По истечении часа после отправления поезда возврат проездных документов не производится и денежные средства не возвращаются.

К слову, при отмене курсирования пассажирского поезда можно оформить возврат и получить денежные средства в полном объеме без удержаний.

В АО «Пассажи́рские перево́зки» также подчеркнули, что возвращать билеты следует по месту их приобретения.

Фото Александра ЖАБЧУКА

БАЙҚАУ

ҮЗДІК МАМАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде станция кезекшілері мен пойыз құрастырушылар мамандықтары бойынша жас мамандар арасында дәстүрлі «Жас үздік маман» аймақтық сайысы өтті. Сайыс мақсаты – жұмысшылардың біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру және мамандар құрамының еңбегін ынталандыру болып табылады.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«Жас келсе – іске» демекші, жастарды ынталандыруды көздейтін байқау талаптарына сай сайысқа 35 жасқа дейінгі кем дегенде бір жылдық өтілі бар және ешқандай тәртіптік жаза алмаған жас мамандар қатыса алады. Бөлімшедегі кадр бөлімінің менеджері Еркебулан Бержановтың айтуынша, аймақтық жарысқа сондай біліктілік талаптарына сай деген өңірдегі 19 маман іріктеп алынды. Олардың бәрі де өз орталарында кәсіби білімі мен біліктілігімен көзге түскен, болашақта нағыз теміржолшы болып танылатынына күмән туғызбайтын мамандар екені дау туғызбайды. Атап айтқанда, олар Атырау, Ақжайық, Мақат, Құлсары, Махамбет, Ганюшино, Жамансор сынды өндірістік станциялардан іріктелген жас ең үздік деген мамандар. Сайыста олар өз білімдері мен біліктіліктерін сыңға салды. Алдымен өз жұмыс орындарында тест сұрақтарына жауап беріп, Компания башылығымен бекітілген теориялық және практикалық тапсырмаларды орындады. Аймақта карантиндік режимнің созылуына байланысты байқау онлайн режимде өткенін айта кетейік.

Нәтижесінде, комиссия шешіміне сәйкес аймақтық сайыс қорытындысымен Құлсары станция кезекшісі Айнабек Бисалиев пен Аты-



рау станциясының пойыз құрастырушысы Аслан Айтжанов басқалардан озық нәтиже көрсетіп, олардың орындаған жұмысы үздік деп танылды. Сөйтіп, екеуі де республикалық байқауға жолдама алды.

«Мамандардың кәсіби шеберлігін, теориялық және практикалық білім-білігін тексеретін мұндай байқаулардың өтіп тұруы – аса қажет дүние. Өйткені теміржолшы жастардың жұмысқа деген ынтасы артады, өзара сайыс олардың шеберлігін шыңдай түседі, бір-бірінен үйренеді, білмегенін білуге ұмтылады

және ең бастысы жауапкершілік күшейеді. Қауіпсіздік пен еңбек қорғау бағытында да талаптар арта түседі. Сондықтан бұл байқау жас теміржолшылардың еңбек қабілетін арттыруға үлкен серпін берді деп ойлаймыз» дейді байқау комиссиясының мүшесі, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Бауыржан Қартан.

«Жас үздік маман» аймақтық сайысы байқауының жеңімпаздары енді осы айдың аяғында өтетін республикалық байқауға дайындалып жатыр.

Суретті түсірген автор

ПРОФСОЮЗ

НА ЗАЩИТЕ ЧЕЛОВЕКА ТРУДА

Повысить уровень организаторской и социальной работы, мобилизовать коллективы железнодорожных предприятий для успешной реализации поставленных задач – такие цели ставят перед собой члены профсоюзных организаций, собравшихся на отчетно-выборной конференции Алматинского филиала ОО «Казпрофтранс»

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В работе конференции приняли участие 36 делегатов от 22 первичных профсоюзных организаций, а также заместитель председателя Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Жулпарбек Сабитов и директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.

Алматинский филиал профсоюза является одним из крупнейших объединений в системе «Казпрофтранс» и объединяет 14 тысяч членов.

Участники конференции подчеркнули, что отчетно-выборная кампания во всех структурных подразделениях профсоюза прошла в обстановке широкой демократии и заинтересованности всех членов профсоюза. В ходе нее дана реальная оценка сделанному, высказаны конструктивная критика и самокритика.

На конференциях поднимались вопросы оплаты труда, обеспечения работников средствами индивидуальной защиты, спецодеждой, режима труда и отдыха сменных работников. Внимание уделялось и социальному партнерству, правовой работе, ох-

ране труда, социальному аспекту, прозвучали вопросы и по инвалидам производства (в Алматинском регионе на учете состоят 40 человек с ограниченными возможностями).

На работу с молодежью за отчетный период из средств профсоюза выделено 2 425 908 тенге. Большое внимание в регионе уделяется развитию спорта и физкультурному движению. Только для поощрения лучших спортсменов выделено 220 000 тенге. При активном содействии профсоюза ежегодно организуется летний оздоровительный отдых для детей. Одним из направлений социальной работы фили-

ала является оказание благотворительной помощи членам профсоюза. За отчетный период комиссией рассмотрено 266 обращений членов профсоюза, а также бывших работников железнодорожного транспорта, оказана благотворительная помощь на сумму 26 миллионов 455 тысяч тенге. Для оказания адресной помощи участникам Великой Отечественной войны и труженикам тыла выделены денежные средства в сумме 200 000 тенге.

– Время диктует иные правила, и от профсоюзных работников требуется высокая компетентность в делах, умение принимать оптимальные решения при возникновении конфликтных ситуаций в коллективах, находить убедительные доводы и вескую аргументацию в защиту интересов человека труда, – подчеркнул в своем отчетном докладе председатель Алматинского филиала профсоюза Нуржан Аскарбаев. Доверие же работников к профсоюзу будет расти только тогда, когда профсоюзные комитеты на местах будут принимать законные и грамотные решения.

(Окончание на 3 стр.)

АҚПАРАТТАР

ЕСЕПТІК-САЙЛАУ
СЪЕЗІ ӨТЕДІ

Ертең, 9 қыркүйек күні «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» ҚБ-нің X есептік-сайлау съезі өтеді.

Онлайн форматта өтетін бейнеконференцияға Кәсіподақ Орталық кеңесі, филиалдары, жергілікті кәсіподақтар, бастауыш кәсіподақ ұйымдарының делегаттары «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ студиялары арқылы қатысады деп күтілуде. Маңызды жынға сонымен қатар жұмыс беруші тарап атынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының HR және корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары Серік Әбденов, ҚР Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Сатыбалды Дәулеталин қатыспақ. X съездің күн тәртібінде Кәсіподақ Орталық кеңесінің 2015-2020 жылдардағы жұмысы және алдағы кезеңге қойылып отырған міндеттері туралы есебі, Кәсіподақтың Бақылау-тексеру комиссиясының 2015-2020 жылдар кезеңіндегі есебі съезд делегаттары назарына ұсынылып, сондай-ақ, Кәсіподақ төрағасын сайлау туралы, Кәсіподақ Орталық кеңесінің және Бақылау-тексеру комиссиясының құрамдарын бекіту туралы мәселелер қарастырылатын болады.

Сұлдул БАКЕЦОВА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМҒА
ҚАТЫСТЫ

«KTZ-Express» АҚ онлайн-форматында өткен халықаралық «Магистраль» сарапшы-форумына қатысты. Ол «Жүк айналма жолмен кетті: Қазақстанға қалай транзитті жүк ағынын жібермеу керек?» деген өзекті тақырыпқа арналды.

Бұл шара осындай өзекті тақырып пен сұрақтарды және де қазақстандық маршруттардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қабылданған шаралар мен нақты бағаны талқылау үшін халықаралық сарапшылардың бағын біріктірді. «KTZ-Express» АҚ бас директоры Дмитрий Абдуллаев өз сөзінде форум қатысушыларын компанияның жұмыс принциптерімен және сервистерімен егжей-тегжейлі таныстырып өтті, сондай-ақ, ол Қырғызстан арқылы өтетін бағдармен салыстырғанда, қазақстандық бағдардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау кезінде басымдыққа не біріктер маңызды факторларды атап өтті.

Дмитрий Абдуллаев өз баяндамасы барысында қазақстандық бағдарларға қосымша жүктерді тарту және көрсетілген қызметтердің сапасын жақсарту үшін «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы контейнерлік пойыздардың орташа жылдамдығының жоғарылауына қол жеткізгенін, яғни бүгінде аталған жылдамдық тәулігіне 1167 шақырымды құрайтын жеткізді. Бұл ТМД елдері, Азия және Еуропа арасындағы барлық көлік дәліздері бойынша суранысты ынталандыра түседі. Бұдан бөлек, компанияда клиенттің ыңғайына қарай орналастырылған 150-ден астам жеке тарифтік шешім қабылданған, сондай-ақ, жаңа бағдарларды құру бағытында тұрақты жұмыс жүргізіліп, жыл үстінде жүктің жүзпайыздық қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

Шара барысында KTZ Express компаниясы тарапынан көліктік-логистикалық қызметтердің толық спектрі ұсынылып отырғаны да айтылды. Сонымен қатар компания Қазақстан арқылы өтетін бағдарларда клиенттермен өзараарекет етуді және кешенді сервисті қамтамасыз ете отырып, жүк ағынын қабылдау үшін және қызмет ету үшін қолайлы жағдайлар жасап келеді.

Ислам ТАЛҒАТ

БҮГІНГІ САН

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

456

ТЕМІР ЖОЛ СТАНЦИЯСЫ ККЖ
АБЖ (АСУ ДҚР) ЖҮЙЕСІМЕН
ҚАМТЫЛҒАН

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАҢА ТӘСІЛДЕМЕГЕ КӨШТІ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының 50 мың жүк вагонының жалға беріліп келген 30 мыңдай жылжымалы құрамы «Қазтеміртранс» АҚ-ның жеке басқарылымына берілген. Бүгінде Қазтеміртранс аталған жылжымалы құрам паркінің жұмысын өзі үйлестіріп, реттеу құқығына ие болып отыр.

Жылжымалы құрамның басым бөлігін ашық және жабық вагондар, сондай-ақ, әмбебап платформалар мен басқа да вагондар құрап отыр. Жеке басқарылымға берілген вагон паркінің кірісінің орташа есеппен 20% өскені байқалады. Яғни жалға беруден басқарылымға берілгеннен кейінгі таза қосымша тиімділік шамамен 10,4 млрд теңгені құраған. Мамандар вагондар ҚТТ қарамағына өткізілген кезде нарықтағы ахуал күрделі болғанын, себебі, вагондары жаңалау, шешім қабылдауда жеңіл әрі икемділік танытқан жекеменшік операторлардың жағдайы басымдықта болғанын айтады. Сол себепті ҚТТ бірінші кезектегі міндетіне боскеге қабілеттілік таңдап алған болатын. Нәтиже де көп күттірмей, 2019 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша Қазтеміртранс Қазақстан нарығында өз үлесін екі есеге ұлғайтты. Вагондардың бос жүрісінің коэффициенті төмендегілі, үстеме шығындар оңтайландырылды. Әрине, бұл нәтижеге ҚТТ мамандары жүйелі тәсілдеме мен клиентке бағдарлану стратегиясын қабылдау арқылы қол жеткізді. «Клиенттер біздің жұмыс берушілер, сондықтан біз оларға және олардың сұранысын қанағаттандыру бағытында жұмыс істеуіміз керек», – дейді «Қазтеміртранс» АҚ бас директоры Дәурен Бимов.

Ағымдағы жылдан бастап ҚТТ вагондарға техникалық қызмет көрсету бойынша жаңа тәсілдемені жүзеге асырып отыр. Бұдан былай компания вагондарды жөндеуге емес, вагондарды жөндеусіз пайдаланғаны үшін ақша төлейтін болады.

Нұрбек БЕКЕН

ӨЗЕКТІ КҮЙІНДЕ ҚАЛЫП ОТЫР

Қазақстанның темір жолдарында, өкінішке орай, қауіпсіздік мәселесі өзекті күйінде қалып отыр. Биылғы жылдың 8 айында пойыздардың адам қағуы бойынша 82 факті тіркелген, олардың жартысынан көбі адам өлімімен аяқталды.

Кәмететке толмағандардың жарақаттануы бойынша 5 факті тіркеліп, оның ішінде 3 факті адам өлімімен аяқталды. Оқыс оқиғалардың негізгі себептері – азаматтардың теміржолдарда белгіленбеген жерлермен өтіп, қауіпсіздік ережелерін бұзуымен байланысты болып отыр. Жылдың басынан бері белгіленбеген жерлерде темір жолды кесіп өткен 16 284 азамат анықталып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Осы уақыт аралығында пойыздарды шұғыл тежеудің 1616 фактісі тіркелсе, оның ішінде адамдарға қатыстысы – 430 дерек. ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаментінің мәліметінше, 30 тамыз күні Шығыс Қазақстан облысының Рулиха-Усть-Таловка аралығында пойыз машинисті 47 жастағы әйелді қағып кеткен. Ол оқиға орнында көз жұмды. Дәл осындай қайғылы жағдай 31 тамызда Қызылорда облысында да орын алды. Пойыз машинисті жас қызды қағып кетті. Қазір аталған фактілер бойынша тергеу амалдары жүргізілуде.

Оқыс тежеу беруге себеп болатын тағы бір жайт – жолға мал шығып кету фактілері. Биыл 1 қыркүйекте Түйеойнақ-Қызылжар станциясында жолға малы шығып кеткен тұрғынға айыппұл салынды. №107 «Жезқазған-Нұр-Сұлтан» бағытындағы жолаушылар пойызының машинисті оқыс тежеу жасағанымен ірі қара малды соғып өтті. Келесі күні мал иесі, Қызылжар станциясының тұрғынына теміржолдардың бөлінген жолағында мал жаю қағидаларын бұзғаны үшін әкімшілік хаттама толтырылып, 6945 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Майқайын-Қарасор станциясының аралығындағы 6-шы пикетте «Преснегорьковск-Павлодар» қатынасындағы жолаушылар пойызының машинисті де теміржолда ірі қара малдың жүруіне байланысты шұғыл тежеу жасады. Апат болған жоқ. Тәртіп сақшылары малдың иесін анықтап, оған 5 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Ұлан ОРАЗ

ОҢ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде жыл басынан бері пайдалану санды-сапалы көрсеткіштерін көтеру, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шығындар бюджетін орындау, тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасын және еңбек қорғау шарттары мен тәртібін сақтау бойынша оң нәтижелерге қол жеткізді.

Жүк айналымы жоспар бойынша 4 млрд 361 ткм нетто болса, іс жүзінде 4 млрд 726,6 млн ткм неттоны құрап, 108,5%-ға орындалды. Жүк вагонының орта тәуліктік өнімділігі жоспар бойынша 5973 ткм нетто болса, орындалғаны 6087 ткм нетто немесе 101,9%.

Тиелген вагонның орташа динамикалық жүктемесі жоспар бойынша 51,08 тонна болса, іс жүзінде 51,75 тонна немесе 101,3%-ға орындалды.

Бос вагондардың тиелген вагондарға қатынасы 101,3% құраған. Жоспардағы 76,94% орнына 75,92% артығымен орындалды.

Жүк вагонының орта тәуліктік жүрісі жоспар бойынша 207 км, іс жүзінде 207 км, яғни 100% орындалды.

Жүк вагонының айналымы жоспарда 1,89 тәулік болса, іс жүзінде 1,89 тәулік немесе 99,5% орындалды. Өткен жылы жүк вагонының айналымы 93,7% болған. Оған себеп, жұмыс парк 257 вагонға көбейген, яғни жоспарда 4012 вагон деп көрсетілгенімен, 4269 вагонға артқан.

Бір жүк операциясында вагонның бос тұруы жоспарда 16,93 сағат болса, биыл жартыжылдықта 16,69 сағатқа кетіп, 101,4% орындалды.

Бірінші техникалық станцияда транзиттік вагонның бос тұруы жоспар бойынша 7,70 сағат болса, іс жүзінде 7,78 сағатты құрап, 98,7% орындалды. Бұған Өзбекстан темір жолы тарапынан пойыздарды уақытылы алып кетпеу салдарынан 2311 пойыздың 16025 сағатқа кешігуі себеп болған.

Учаскелік орташа жылдамдыққа келсек, биыл алты айда 102,8% орындалған. Жоспар бойынша 42,33 км/сағ, орындалғаны 43,52 км/сағ құрады. Техникалық жылдамдық жоспарда 46,95 км/сағ болса, орындалғаны 47,47 км/сағ немесе 101,1% құрады.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

ТЕХСАБАҚ

ҚАУІПСІЗДІК ДӘРІСІ ДӘЛЕЛДЕГЕН ШЫНДЫҚ

Соңғы кезде неліктен теміржолда тыйым салынған көрсеткіштер жиілеп, апатты жағдайлар орын алуда? Оның себеп-салдары неде, қайтсе оның алдын алып, болдырмауға болады? Жуырда Өзен станциясында өткен техникалық сабақтың мазмұны осылай болды.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Техникалық дәрісті Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов жүргізді. Оған локомотив бригадалары, пойыз құрастырушылар, станция кезекшілері мен локомотив айналым депосының, Өзен станциясының басшылары қатысты. Бұл Өзен станциясындағы теміржолшылардың карантиннен кейін бас қосқан алғашқы сабағы еді. Бұған дейін мұндай жиындар онлайн форматта өтетін.

– Осы жылдың сегіз айында еліміз бойынша теміржолда тыйым салынған көрсеткіш бойынша алты жағдай тіркелген. Оның шеуі апатты жағдай, яғни, жылжымалы құрамдар құлаған, рельстен шығып кеткен. Сондықтан профилактика мақсатында осындай ауқымды шара өткізудеміз. Өйткені сол жайттарды талдасақ, ондағы басты себеп адам фактор болып отыр. Атап айтсақ, келіссөздер жүргізу ережелерін орындамау, локомотив бригадаларының немқұрайлылығы салдарынан, сигналдарға, бұрмаларға қарамау, асығыстықпен басқаға берілген команданы өзіне қабылдап қозғалып кету сияқты оқшылықтар орын алған. Мысалы, 27 тамыз



күні Сексеуілде болған жағдайды аялайық. Станция кезекшісінің машинистке берген жоспарын қанда деп қабылдап пойызды жүргізіп кеткен. Біз, міне, осы жағдайларға басты назарды аударып, сондай оқиғалардың бізде де қайталанбауы үшін қажетті мамандармен тиісті жұмыс жүргізудеміз, – дейді Ерлан Бүркітов.

Дәріс лекторы айтпақшы, сабақ барысында апат-

КӘСІПОРЫН ТЫНЫСЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАНДАР ҚАЙТА ЖАРАҚТАНДЫРЫЛУДА

Семей электрмен жабдықтау дистанциясы биылғы жазды карантиндік шектеулерге қарамастан қауырт жұмыспен өткізді. Аталмыш ұжым – күллі Шығыс аймағына, яғни Семей және Защита өңірлеріне қатар қызмет көрсететін бірегей мекеме.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Электрмен қамту мекемесі, яғни ЭЧ-18 тарапынан желі бойында жүйелі жұмыс жүргізілді. Мекеме басшыларының айтуынша, ағымдағы жылы дистанцияға қарасты әуе желілерінің 20 шақырымынан көбі ауыстырылып, желі бойындағы тіректер қайта жаңартылған. Алдағы уақытта да құрылғылар мен нысандарды қысқа даярлау шаралары қарқынды түрде жалғаспақ. Осы бағыттағы жұмыстар қар түсіп, қатқақ орнағанша, қараша айына дейін жалғасатын болады. Қазіргі күндері дистанцияға қарасты трансформаторлық пункттерге тексерулер жүргізілуде.

Биылғы жаздағы қауырт шаралар



қатарына аймақтағы стратегиялық маңызы бар нысандарға жүргізілген күрделі жөндеу жұмыстарын да қосуға болады. Атап айтсақ, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай қайта жаңғыртылған Семей вокзалының электр желілері мен шамдарын ЭЧ-18 мамандары қайта ауыстырып шықты. Аталмыш нысан НЖС-6 бөлімшесі тарапынан шаруашылық тәсіл бойынша күрделі жөндеуден өткізілген еді.

Ал, қазіргі күні электр монтерлары күрделі жөндеу шаралары аяқталуға жақын қалған Ертіс үстінен өтетін теміржол көпірінің ескірген желілері мен жарық-диодты шамдарын жаңалау үстінде. Осыдан бірер апта бұрын басталған бұл жұмыстар санаулы

күндер ішінде аяқталмақ. Негізгі күш осы нысанға жұмсалғандықтан, Дегелең станциясына жіберілетін қосымша бригада Семейде қалып, Түркістің төл туындысын жарықтандырып жатыр. Жалпы ұзындығы 624 метр болатын алып көпірдің темір конструкциялары арасынан өтетін электр құрылғысын жаңалаудың өзіндік машақаты әрі техникалық қауіпсіздік бойынша қатаң тәртібі де бар.

– Бүгінгі күндері теміржол саласына, оның ішінде электрмен қамту ісі бойынша өндіріске тың жаңашылдықтар көптеп енгізіліп, жаңа құрылғылар мен аспаптар қолданысқа берілуде. Мұндай игіліктер бойынша біздің станция-

ямызда да жетістіктер мол. Биылғы жылдың үлесінде де атқарылған іс көп. Мәселен, жоғары вольтті вакуумды қосқыштар орнатылды. Осыған дейін Аягөз, Шар, Семей станциялары бойынша аталмыш жаңа құрылғы жұмыс істеп келсе, биылғы жылы оның қатарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген Жаңғызтөбе мен Семей сынды жолаушылар нөпірі аса мол теміржол бекеттері қосылды. Бұған қоса жарық-диодты шамдар алынып, бірқатар іргелі станциялар да жаңартылды. Мұның барлығының қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда берері мол, – дейді ЭЧ-18 мекемесінің басшысы Нұрлан Әзімханов.

Электрмен қамту саласында ұзақ жылдар бойғы тәжірибесі бар әрі династиялық әулет өкілі саналатын басшының айтуынша, ұжымның 30 пайыздан астамын жастар құрайды. Дегенмен осындай қарбаласқа толы мезгілде электр монтерларының қажеттілігі сезілуде екен. Қазіргі таңда ұлттық компания тарапынан қажетті қаржы мен материалдар, құрал-жабдықтар, аспаптар жеткілікті түрде бөлінуде. Сол себептен Дегелең, Жаңғызтөбе, Шемонайха, Серебрянка сынды шалғай станцияларда да қызмет көрсететін, жоғары вольтты желілермен жұмыс істеуге рұқсаты бар арнайы мамандар керек. Ал ескірген электр желілерін жаңалау кезек күттірмейді. Дегенмен, ЭЧ-18 ұжымы жоспарлы шараларды жедел мерзім ішінде толықтай тәмамдап үлгеруде.

Суретті түсірген автор

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ВАГОН ҚАРАУШЫНЫҢ БІР КҮНІ

Қандыағаш вагон пайдалану депосының Шалқар техникалық қызмет көрсету бекетінің вагон қараушысы Жаңбырбай Жадырасынның бір күндік жұмысына куә болған біз кәсібін нәсібі деп білетін теміржолшының жұмысы тіпті де оңай емес екеніне тағы бір көз жеткіздік.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Саналы ғұмырының 37 жылын вагон дөңгелектерін балғамен ұрып, техникалық тексерістен өткізіп жүрген тәжірибелі маманның еңбегінің жемісін көрер күн де алыс емес, биыл 63 жасқа толатын теміржолшы зейнетке шықпақ. Екі мәрте «Теміржол қауіпсіздігі қоры жұлдісінің лауреаты» құрметті атаған алған вагон қараушы абыройсыз емес, ұжымға сыйлы. Оның бірін 2001 жылы жолаушылар пойызы вагонының басталып келе жатқан қызуын дер кезінде анықтағаны үшін алса, екінші рет 2007 жылы жүк пойызынан ақау тапқан кезінде құрметке бөленген.

«Біздің жұмыс атақ-абырой үшін емес. Ең алдымен жүк және жолаушы құрамдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етсек – біздің жұмыстың жетістігі сол. Жақсы атың шығып жүріп

бір қателікке бой алдырсаң, бүкіл жинаған абыройыңнан әп-сәтте айырылып қалуың ғажап емес. Сондықтан қашан да «екі шоқып, бір қарауға» мәжбүрміз», – дейді тәжірибелі вагон қараушы.

Шалқар – тоғыз жолдың торабы дерлік, әрлі-берлі ағылып жатқан жүк және жолаушы құрамдары бір толас таппайтын тораптық станция. Сондықтан, вагон қараушының әрбір он бес-жырма минут сайын кезекті құрамды қабылдап, тексеріп жөнелтіп жатқан әбжіл қимылына сүйсіне қарайсыз. Вагон дөңгелектерінен шыққан дыбысты жазбай танитын кәнігі маманның кәсібилігіне дау жоқ. Дегенмен, ақауды анықтаудың сыры неде деген сұрағымызды жауапсыз қалдырмады. «Отыз-қырық жыл осы кәсіпке маманданған соң ақауды жазбай танитын қасиет қалыптасады адамда. Сонымен қатар, интуиция пай-



Суретті түсірген автор

да болады, кейде тіпті келіп тоқтаған кезекті құрамда бір қауіп бар екенін түйсінімен сезіп, тауып алатын жағдай болады», – дейді тәжірибелі вагон қараушы.

Жаңбырбай Өсербайұлы Шалқар өзенінің бойында туып-өскен. Вагон пайдалану депосына 1983 жылы жұмысқа кірген. Алғашында жылжымалы құрамды жөндеуші слесарь болып, бір-екі жылдан кейін вагон қараушы болып ауысқан. Содан бері табан аудармай еңбектеніп келеді. Ауызбіршілігі

мол, еңбеккер ұжымда қызмет ететінін мақтан тұтады.

«Зейнет жасына келіп қалдық. Өміріміз, жастығымыз осы жолдың бойында балға ұстаумен өтті. Осы жерде жүріп отбасымызды асырадық, балаларымызды оқыттық. Теміржолшы екенімді мақтанышпен айтамын. Осы ортада жүріп, қайнаған өмір, темірдей тәртіпке бағынған саладан үйренгеніміз көп болды, енді сол білген-түйгенімізді жастарға үйретудеміз», – дейді Жаңбырбай Жадырасын.

АКТУАЛЬНО

ҚТЖ: ТРАНСФОРМАЦИЯ И ЦИФРОВИЗАЦИЯ

Сегодня перед всеми портфельными компаниями фонда «Самрук-Қазына» в равной степени, в том числе и перед АО «НК «Қазақстан темір жолы», возникают все новые и новые вызовы и риски, которые затрагивают вопросы: какой будет компания через несколько лет, настолько она будет эффективна и конкурентоспособна в условиях глобальных изменений рыночных законов и нового ритма развития бизнес-среды?

Асель ШАЙХЫНОВА

– Существует выражение: «Компании бывают быстрыми или мертвыми». В условиях цифровой экономики эта фраза более чем актуальна: если предприятие не использует возможности современных технологий, не адаптируется к сумасшедшему темпу и особенностям ведения бизнеса, оно не сможет конкурировать с теми, кто уже это делает, – говорит главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

Все передовые компании мира с появлением более совершенных технологий наращивают эффективность труда путем автоматизации рабочих процессов, при этом полностью оцифровываются бизнес-процессы, и таким образом проводится цифровая трансформация.

Поскольку цифровая трансформация выглядит по-разному для каждой компании, сложно дать однозначное определение, которое применимо ко всем. В целом цифровая трансформация – это внедрение современных технологий в бизнес-процессы предприятия. Такой подход подразумевает не только установку современного оборудования или программного обеспечения, но и фундаментальные изменения в подходах к управлению, корпоративной культуре, внешним коммуникациям. В результате повышаются производительность каждого сотрудника и уровень удовлетворенности клиентов, а компания приобретает репутацию прогрессивной и современной.

В 2019 году в АО «НК «Қазақстан темір жолы» принята программа «Цифровая трансформация» на 2019-2023 годы, которая объединила в себе 13 инициатив, направленных на улучшение и трансформацию значимых бизнес-процессов. И первая инициатива программы – это производственная безопасность.

Группа компаний фонда стремится соответствовать передовым международным стандартам в области безопасности и ставит

перед собой высокие планки в обеспечении безопасности на производстве.

– АО «НК «ҚТЖ» привержено ценностям мировой концепции «VISION ZERO – Нулевой травматизм». Также в рамках программы «Цифровая трансформация» в компании реализуется проект «Внедрение ИТ-решений в области безопасности и охраны труда, промышленной и экологической безопасности», разработана и внедряется автоматизированная интегрированная система по управлению процессами производственной

« В 2019 ГОДУ В АО «НК «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ПРИНЯТА ПРОГРАММА «ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» НА 2019-2023 ГОДЫ, КОТОРАЯ ОБЪЕДИНИЛА В СЕБЕ 13 ИНИЦИАТИВ, НАПРАВЛЕННЫХ НА УЛУЧШЕНИЕ И ТРАНСФОРМАЦИЮ ЗНАЧИМЫХ БИЗНЕС-ПРОЦЕССОВ.

безопасности ИС ПБ (в том числе и мобильная версия), которая включает в себя все основные процессы по управлению производственной безопасностью. Проект стартовал в начале 2019 года, и на сегодняшний день проектной командой уже достигнуты значительные результаты, – отметил Батыр Котырев.

«Это «Управление происшествиями», «Внутренний контроль», «Поведенческие диалоги по безопасности», «Управление чрезвычайными ситуациями», «Экологическая безопасность». Также планируется оцифровать процессы по аттестации производственных объектов по условиям труда и выдачу нарядов-допусков.

– Без преувеличения можно сказать, что система ИС ПБ является гордостью нашей компании, и это программный продукт, который не имеет аналогов среди компаний фонда, – заметил главный инженер.

С 30 марта текущего года поэтапно введены

в тестовую эксплуатацию 5 модулей системы, и их эксплуатация в течение 4 месяцев уже дает ощутимые результаты.

В ИС ПБ зарегистрировано более 6 тысяч нарушений в сферах обеспечения безопасности и охраны труда. Исходя из этого, их можно контролировать абсолютно на всех уровнях

